«ЕСЖ» Тауар биржасы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілген,
2022 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 321 хаттама

(«Еуразиялық Сауда жүйесі» Тауар биржасы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілген толықтыруларды есепке ала отырып.
2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 340 хаттама,
2025 жылғы 20 маусымдағы № 367 хаттама.)

# «Еуразиялық сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның мүшелерін аккредиттеу, олардың аккредиттеуін тоқтата тұру және тоқтату Шарттары

Осы «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ-ның мүшелерін аккредиттеу, олардың аккредиттеуін тоқтата тұру және тоқтату шарттары (бұдан әрі – Шарттар) барлық тауар биржалары үшін биржалық брокерлер мен дилерлерді биржа мүшелері ретінде аккредиттеу, олардың аккредиттеуін тоқтата тұру және тоқтату шарттары мен тәртібін регламенттейтін ҚР «Тауар биржалары тураы» 2009 жылғы 04 мамырдағы Заңының 4-бабын және 10-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен бекітілген Биржалық сауда қағидаларының ережелерін егжей-тегжейлі іске асыру мақсатында әзірленген.

## I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Осы Шарттардың мақсаттары үшін, егер мәнмәтіннен айқын түрде өзгеше шықпаса немесе арнайы түрде өзгеше белгіленбесе, төмендегі түсініктер мен терминдер келесі мәндерде пайдаланылады:

| **Биржа** | «Еуразиялық Сауда Жүйесі» Тауар биржасы» АҚ |
|---|---|
| **Биржалық сауда қағидалары** | Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен ҚР «Сауда биржалары туралы» 2009 жылғы 04 мамырдағы Заңының 4-бабының және 10-бабының талаптарына сәйкес бекітілген, барлық тауар биржалары үшін биржалық тауарлармен биржалық мәмілелерді жасаудың жалпы тәртібін регламенттейтін Биржалық сауда қағидалары. |
| **ішкі құжаттар** | Биржа жарғысы (оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен), оларға бекітілген өкілеттіктерге сәйкес бекітілген және Биржаның жарғылық мақсаттарын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған, Биржаны басқару органдарының регламенттері, ережелері, қағидалары, шарттары, шешімдері |
| **үміткер** | Биржада брокер, дилер, маркет-мейкер ретінде |

| | |
|---|---|
| | аккредиттеу рәсімінен өтуге (Биржаның мүшесі болуға) ниетті кәсіпкерлік субъектісі |
| **трейдер** | биржалық сауда-саттықтар қатысушысының тауар биржасындағы сауда жүйесінде биржалық сауда-саттықтар қатысушысының атынан мәмілелерді жасасумен байланысты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға онымен уәкілеттік берілген, және тауар биржасымен белгіленген тәртіпте онымен тіркелген жұмыскері |
| **Биржа Секциясы мүшесі** | белгілі Биржа Секциясында аккредиттеуден өткен және соңғысымен биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы мерзімсіз шарт жасасқан брокер, дилер, маркет-мейкер |
| **Биржа мүшесі** | Биржаның бір немесе бірнеше Секцияларында аккредитеуден өткен брокер, дилер, маркет-мейкер |
| **«Салалық брокер» мәртебесі бар брокерлік компания («салалық брокер»)** | нақты тауар нарығына қызмет көрсетуге мамanданатын және Биржамен ұйымдастырылатын биржалық сауда-саттықтарға аталған нарық қатысушысының жалғыз өкілі ретінде болатын брокерлік компания |
| **«Коммерциялық брокер» мәртебесі бар брокерлік компания («коммерциялық брокер»)** | әртүрлі тауар нарықтарына қызмет көрсететін және Биржамен ұйымдастырылатын биржалық сауда-саттықтарға аталған нарықтардың қатысушыларының өкілі ретінде болатын брокерлік компания |

1.2. Егер де осы мәнмәтіннен өзгеше шықпаса, осы Шарттардың 1.1.-тармағында көзделген түсініктерден басқа, Шарттардың мақсаттары үшін, сондай-ақ олардың анықтамасы және/немесе түсіндірмесі Биржаның өзге ішкі құжаттарында, ҚР заңнамасында бар түсініктер мен терминдер пайдаланылады.

## II БӨЛІМ. БИРЖАДАҒЫ МҮШЕЛІК

### 2-бап. Биржа мүшелігіне жататын жалпы ережелер

2.1. Биржада аккредиттеу брокерлерге, дилерлерге, маркет-мейкерлерге Биржамен ұйымдастырылатын биржалық сауда-саттықтарға қатысу және олар барысында Заңға, Биржалық сауда қағидаларына, Биржаның Биржалық сауда қағидаларын іске асыру бойынша регламентіне, Биржаның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес биржалық мәмілелерді жасасу құқығын береді.
2.2. Брокерлік және дилерлік қызметті қоса атқаруға жол берілмейді.
2.3. Биржа мүшесі ҚР заңнамасына сәйкес Биржаның ішкі құжаттарын мойындайтын және орындайтын биржалық сауда-саттықтар қатысушысы ретінде болуға құқығы бар кәсіпкерлік субъектісі бола алады.
2.4. Биржа мүшелігі олар жұмыс істеген жағдайда келесі Сауда секцияларында болуы мүмкін:
мұнай өнімдері саудасы секциясы (тауарлардың бір немесе бірнеше келесі топтарымен сауда-саттыққа рұқсатты қарастырады: 1) бензин және дизельдік отын; 2) реактивті қозғалтқыштарға арналған отын; 3) битум;

Сұйылтылған мұнай газын көтерме өткізу бойынша секция;
көмір саудасы секциясы;

портландцемент саудасы секциясы;
ауылшаруашылық өнім саудасы секциясы;
металл және өнеркәсіптік тауарлар саудасы секциясы;
көміртек бірліктері саудасы секциясы (парниктік газдардың шығарындыларына арналған квоталар және басқа).
мерзімді нарық секциясы;
қант саудасы секциясы.

2.5. Биржада алғаш рет аккредиттелетін брокер бастапқыда тауарлардың бір ғана түрімен сауда жасауға құқылы.

Онымен Биржада тауарлардың басқа түрлерімен сауда жасау құқығын алу үшін брокерге Биржада кемінде бір жарым жыл сауда жасау, мінсіз іскерлік беделге ие болу, сондай-ақ «коммерциялық брокер» үшін осы Шарттарда белгіленген мөлшерде капиталдандыруды растау қажет.

2.6. Биржада тауарлардың бір түрімен сауда жасайтын брокерге «салалық брокер» мәртебесі, ал тауарлардың бірнеше түрлерімен сауда жасайтын брокерге «коммерциялық брокер» мәртебесі беріледі.

2.7. Тиісті тауар нарығында басым немесе монополиялық жағдайдағы нарық субъектісі биржалық сауда-саттықтарға дилер ретінде қатысады.

2.8. Тауар биржасының мүшелері осындай тауар биржасының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызына тікелей немесе жанама ие болатын тұлғалар бола алмайды.

## 3-бап. Биржамен ынтымақтастық

3.1. Үміткермен Биржада аккредиттеу үшін құжаттар берілгенге дейін үміткер Биржаның басшылығымен Биржада бір жыл немесе одан көп жыл аккредиттеу ішінде Биржада ол сауда-саттықтар көлемдерін жоспарлайтын, үміткер оған бағдарланған нарық сегменті шолуының және қызметтің негізгі бағыттарының сипаты кіретін, Биржаның сауда Секцияларындағы өзінің жұмыс жоспарын, сондай-ақ онымен қызмет көрсетуге жоспарланатын клиенттердің ортасын және меншікті биржалық айналымдарын қоса алғанда, оларға қол жеткізу бойынша жоспарлардың талқылауын жүзеге асырады.

## 4-бап. Үміткерге қойылатын талаптар

4.1. Биржада аккредиттеу үшін үміткердің уәкілетті жұмыскері (трейдер) Биржаның сауда жүйесімен жұмыс істеу барысында биржалық мәмілелерді тіркеу және рәсімдеу бойынша тегін оқытудан өтіп, оның қорытындылары бойынша аталған жұмыскерге тиісті сертификат беріледі.

4.2. Биржаның сауда секциялары мүшелігіне кіру үшін, үміткер келесі жалпы талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1) азаматтық құқықтық қабілеттікке ие болуға;
2) төлеуге қабілетті болып табылуға, салық берешегі болмауға;
3) банкроттық немесе тарату рәсіміне жатпауға, оның мүлкіне тыйым салынбауға, оның қаржылық-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмауға;
4) үміткердің басқарушы лауазымдарды атқаратын жұмыскерлерінде жоғары білімі болуға тиіс;

5) экономикалық қызмет және сыбайластық жемқорлық қылмыстары саласында қылмыстырды жасағаны үшін алып тасталмаған немесе өтелмеген соттылықтың болмауы (бірінші басшы үшін).

4.3. Биржа мүшелеріне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестіктен басқа, егер де Биржалық сауда қағидаларымен өзгеше көзделмесе, үміткер Биржа Секцияларының мүшелеріне қойылатын келесі арнайы талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- үміткердің жарғылық капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңгені құрауға;
- үміткердің меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңгені құрауға;
- мінсіз іскерлік беделі болуға тиіс.

4.4. Үміткердің тауар нарығының қатысушысы ретінде кемінде бір жыл бойы жұмыс істегені, қалыптастырылған іскерлік беделі үміткермен ҚР биржалық заңнамасын бұзу фактілерін қамтымауға, сонымен қатар Биржаның жүргізілетін корпоративтік саясатына сәйкес келуге тиіс.

Үміткердің биржалық сауда нарығында бұрын жүзеге асырылатын қызметі Биржа мүшелеріне арналған Брокерлік (дилерлік) этика кодексінде баяндалған, Биржа мүшелері қызметінің қағидаттарына сай болуға тиіс.

Үміткердің биржада брокер ретінде аккредиттелетін қызметінің барынша ашықтығы, оның клиентке бағдарланғанын, сонымен қатар халықаралық стандарттарға және жаһанды цифрландырудың заманауи реалияларына сай келетін бәсекеге қабілетті Қазақстандық биржалық сауда нарығын қалыптастыру бойынша Биржаның құндылықтарын қолдау қабілеттігін растау мақсатында, үміткерге оның байланыс деректері туралы, ағымдағы қызметі және контрагенттермен өзара қатынастары туралы ақпаратты қамтитын меншікті интернет-ресурсты қамтамасыз ету немесе болуын растау, сонымен қатар үміткерде клиенттерге қызмет көрсету бойынша ішкі процестерді регламенттейтін бекітілген ішкі нормативтік құжаттардың болуын растау қажет.

4.5. Сұйылтылған мұнай газын көтерме өткізу секциясының, Мұнай өнімдері сауда секциясының мүшелері тек қана Қазақстан Республикасының резиденттері бола алады.

4.6. Биржаның сауда секцияларында ашық және бәскелес сауда-саттықтарды қамтамасыз ету мақсатында, Биржамен Қазақстан Республикасының заңнамасына және қабылданған іскерлік айналымға сәйкес сауда-саттықтарға қатысушылардың келесі жіктемесі және оларға қойылатын талаптар белгіленді:

1) Сұйылтылған мұнай газын көтерме өткізу секциясы бойынша:

| Сатушы ретінде сауда-саттық қатысушылары | | Брокер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар | Дилер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар |
|---|---|---|---|
| А тобы | Сұйылтылған мұнай газы өндірушілері (СМГ зауыттары). | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | ҚР ішкі нарығында сұйылтылған мұнай газының тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті көлемі бар СМГ өндірушісі зауыты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мәртебесінің болуы<br><br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| В тобы | Оларға көмірсутек шикізатының меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде тиесілі, қайта өңдеу процесінде өндірілген сұйылтылған мұнай газының меншік иелері (СМГ өңдеуге берушілер) | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Тауар биржалары арқылы өткізу үшін ҚР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газының міндетті көлемі бар мұнайды өңдеуге беруші мәртебесінің болуы<br><br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| Сатып алушы ретінде сауда-саттыққа қатысушылар | | | |
| С тобы | Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде оларды теміржол цистерналарынан толтыру мүмкіндігімен жалпы көлемі кемінде 60 шаршы метр сұйылтылған мұнай газын сақтау сыйымдылықтары бар, немесе тиісті жеткізу өңірінде газтолтырғыш станциясының иесімен көлемі айына кемінде 60 шаршы метр сұйылтылған мұнай газын сақтау және ауыстырып тиеу бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт жасасқан өнеркәсіптік тұтынушылар, газтолтырғыш станциялардың, газтолтырғыш пункттердің | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге.<br><br>(үміткердің компаниясында және/немесе үміткердің жарғылық капиталында елу және одан көп пайыз қатысу үлесі бар құрылтайшысында СМГ нарығында кемінде қатарынан күнтізбелік он екі ай жұмыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және (немесе) автогаз құю станцияларының иелері | | тәжірибесі болған кезде аталған талапты орындамауға жол беріледі. Сондай-ақ егер оның жүз пайыздық құрылтайшысы ретінде СМГ нарығында капиталдандыру және жұмыс тәжірибесі бойынша жоғарыда көрсетілген талаптарды орындайтын басқа заңды тұлға болса, үміткердің компаниясымен аталған талапты орындамауға жол беріледі). |
| Сатып алушы немесе сатушы ретінде Сауда-саттыққа қатысушылар | | | |
| | «Коммерциялық брокер» | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |
| | «Салалық брокер» – тек қана СМГ зауыттарына, мұнайды өңдеуге берушілерге (ҚР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газының тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті көлеміне ие) қызмет көрсетуге маманданатын, ЕСЖ Биржасында аккредиттеу күніне СМГ нарығында кемінде қатарынан күнтізбелік он екі ай жұмыс тәжірибесін растаған немесе оның құрылтайшысы (лары) осындай тәжірибеге ие компания. | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге.<br>(егер компания құрылтайшыларының меншікті капиталы кемінде отыз миллион теңгені құраған жағдайда, аталған талапты орындамауға жол беріледі). | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |

2) Мұнай өнімдері саудасы секциясы бойынша:

Тауарлар тобын сауда-саттыққа рұқсат ету үшін: бензин және дизельдік отын:

| **Бензин және дизельдік отын нарығы бойынша сатушы ретінде сауда-саттық қатысушылары** | | **Брокер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар** | **Дилер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар** |
|---|---|---|---|
| А тобы | Мұнай өнімдерін өндірушілер | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген және/немесе оған дербес сәйкестендіру нөмір – код берілген мұнай өнімдерін өндіруші зауыт мәртебесінің болуы.<br><br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| В тобы | Мұнай жеткізушілері - оларға меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі шикі мұнайды қайта өңдеу процесінде өндірілген мұнай өнімдерінің меншік иелері (мұнайды өңдеуге берушілер). | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Уәкілетті органмен бекітілген Тауар биржасы арқылы мұнай өнімдерін жеткізу жоспарында мұнай жеткізушісінің болуы. Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| **Бензин және дизельдік отын нарығы бойынша сатып алушы ретінде сауда-саттыққа қатысушылар** | | | |
| С тобы | Мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілер | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Уәкілетті органның мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілер тізілімінде көтерме жеткізуші мәртебесінің болуы.<br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| D тобы | Мұнай өнімдерін бөлшек өткізушілер – мұнай өнімдерін соңғы | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Мұнай өнімдерін бөлшек өткізу саласында кемінде бір жыл қызмет |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тұтынушыға өткізу үшін сатып алатын мұнай өнімдері нарығының қатысушылары. | | тәжірибесінің болуы. Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| Е | Соңғы тұтынушылар | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Бензинді немесе дизельдік отынды меншікті тұтыну мақсаттары үшін кемінде бір жыл ішінде сатып алу фактісі туралы растайтын құжаттардың болуы. |
| **Бензин және дизельдік отын нарығы бойынша сатып алушы немесе сатушы ретінде Сауда-саттыққа қатысушылар** | | | |
| | «Коммерциялық брокер» | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |
| | «Салалық брокер» Бензин және дизельдік отын саудасының ішкі секциялары – тек қана мұнай өнімдерін өндірушілерге, мұнай жеткізушілеріне, мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілеріне маманданатын, ЕСЖ Биржасында аккредиттеу күніне мұнай өнімдері нарығында кемінде қатарынан күнтізбелік он екі ай жұмыс тәжірибесіне ие немесе оның құрылтайшысы (лары) осындай тәжірибеге ие компания. | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. (егер компания құрылтайшыларының меншікті капиталы кемінде отыз миллион теңгені құраған жағдайда, аталған талапты орындамауға жол беріледі) | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |

Тауарлар тобын сауда-саттыққа рұқсат ету үшін: реактивті қозғалтқыштарға арналған орын:

| Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын нарығы бойынша сатушы ретінде сауда-саттық қатысушылары | Брокер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар | Дилер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар |
|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| А тобы | Мұнай өнімдерін өндірушілер | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген және/немесе оған дербес сәйкестендіру нөмір – код берілген мұнай өнімдерін өндіруші зауыт мәртебесінің болуы.<br><br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| В тобы | Мұнай жеткізушілері - оларға меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі шикі мұнайды қайта өңдеу процесінде өндірілген мұнай өнімдерінің меншік иелері (мұнайды өңдеуге берушілер). | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Уәкілетті органмен бекітілген Тауар биржасы арқылы мұнай өнімдерін жеткізу жоспарында мұнай жеткізушісінің болуы. Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| **Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын нарығы бойынша сатып алушы ретінде сауда-саттыққа қатысушылар** | | | |
| Е тобы | Авиациялық компаниялар | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | «Қазақстан Авиациялық Әкімшілігі» АҚ берген эксплуатант сертификатының болуы.<br>Кемінде қатарынан соңғы 12 ай жұмыс тәжірибесінің болуы. |
| F тобы | Авиациялық отынды бөлшек өткізушілер | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Әуе кемелеріне жанармай құю үшін авиациялық отынды бөлшек өткізу саласында тәжірибенің болуы. |
| **Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын нарығы бойынша сатып алушы немесе сатушы ретінде Сауда-саттыққа қатысушылар** | | | |
| | «Коммерциялық брокер». | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Салалық брокер» Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын саудасының ішкі секциялары – тек қана мұнай өнімдерін өндірушілерге, мұнай жеткізушілеріне, авиациялық компанияларға және әуежайларға қызмет көрсетуге маманданатын, ЕСЖ Биржасында аккредиттеу күніне мұнай өнімдері нарығында кемінде қатарынан күнтізбелік он екі ай жұмыс тәжірибесіне ие немесе оның құрылтайшысы (лары) осындай тәжірибеге ие компания. | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. (егер компания құрылтайшыларының меншікті капиталы кемінде отыз миллион теңгені құраған жағдайда, аталған талапты орындамауға жол беріледі) | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |

Тауарлар тобын сауда-саттыққа рұқсат ету үшін: битум:

| **Сатушы ретінде сауда-саттық қатысушылары** | | **Брокер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар** | **Дилер ретінде Биржа мүшелігіне кіретін үміткерге қойылатын талаптар** |
|---|---|---|---|
| А тобы | Битум өндірушілері | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген битум өндірушісі мәртебесінің болуы.<br><br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| В тобы | Битум жеткізушілері – оларға меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде тиесілі көмірсутек шикізатын қайта өңдеу процесінде өндірілген битумның меншік | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген битум жеткізушісі мәртебесінің болуы.<br><br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | иелері. | | талаптар белгіленген жоқ. |
| Сатып алушы ретінде сауда-саттыққа қатысушылар | | | |
| С тобы | Жол-құрылыс компаниялары | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Битумды сақтауға арналған тиісті инфрақұрылымы бар, автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан ұсынылған ақпарат негізінде тауар биржасында биржалық сауда-саттықтарға рұқсат етулген, автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында қызмет тәжірибесінің болуы.<br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| Д тобы | Битумды көтерме сатып алушылар | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* | Битумды сақтауға арналған тиісті инфрақұрылымы бар, автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органнан ұсынылған ақпарат негізінде тауар биржасында биржалық сауда-саттықтарға рұқсат етулген.<br>Жарғылық және меншікті капиталдың мөлшеріне қойылатын талаптар белгіленген жоқ. |
| Сатып алушы немесе сатушы ретінде Сауда-саттыққа қатысушылар | | | |
| | «Коммерциялық брокер». | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Салалық брокер» – тек қана битум өндірушілеріне, меншік иелеріне, жол-құрылыс компанияларына және битумды көтерме сатып алушыларға қызмет көрсетуге мамандanатын, ЕСЖ Биржасында аккредиттеу күніне битум нарығында кемінде қатарынан күнтізбелік он екі ай жұмыс тәжірибесіне ие немесе оның құрылтайшысы (лары) осындай тәжірибеге ие компания. | Компанияның жарғылық және меншікті капиталының мөлшері кемінде отыз миллион теңге. (егер компания құрылтайшыларының меншікті капиталы кемінде отыз миллион теңгені құраған жағдайда, аталған талапты орындамауға жол беріледі) | *Мүшеліктің аталған нысаны болуы мүмкін емес.* |

**5-бап. Биржа Секциясы мүшелеріне кіру (аккредиттеу) үшін үміткермен ұсынылатын құжаттар мен мәліметтер**

5.1. Биржа Секцияларында аккредиттеу үшін үміткер Биржаға келесі негізгі құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

1) Шарттарға № 1 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Биржа Секциялары мүшелеріне қабылдау туралы өтініш;

2) Енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды есепке ала отырып, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген ереженің және (немесе) жарғының көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқаны ұсынбаған жағдайда нотариаттық түрде куәландырылған көшірме) – ереже және (немесе) жарғы бар болған кезде;

3) құрылтай шартының нотариаттық түрде куәландырылған көшірмесі (бар болған кезде) немесе өтінішті берілген күннің алдындағы бір ай бұрын алынуға тиіс акциялар ұстаушылары/қатысушылар тізідімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы (егер жарғыда қатысушылардың құрамы туралы мәліметтер болмаған жағдайда);

4) үміткерді қосылған құн салығы төлеушісі ретінде салық есебіне қою туралы анықтама (бар болған кезде);

5) бірінші басшымен немесе оны алмастыратын тұлғамен, сондай-ақ бас бухгалтермен (бар болған кезде); қол қойылған соңғы қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің түпнұсқасы,

6) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (заңды тұғлалар үшін);

7) үміткермен мүшелікке кіру жарнасын толеу туралы түбіртек;

8) үміткердің бірінші басшысында экономикалық қызмет саласында қылмыстарды және сыбайластық жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылықтардың жоқтығы туралы анықтама;

9) үміткердің бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтер.

11) үміткердің басшылық лауазымын атқаратын жұмыскерлерінде жоғары білімнің болуын растайтын құжаттар;

12) үміткердің мөрімен куәландырылған, басшысын сайлауды (тағайындауды) растайтын құжаттың көшірмесі;

13) Шарттарға № 2 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Биржа мүшесінің сауалнамасы;

14) үміткердің қолдарының және мөрінің баспа-таңбасының үлгілері бар карточканың нотариаттық түрде куәландырылған көшірмесі;

15) Шарттарға № 3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша үміткер трейдерлерінің тізімі;

5.2. Биржаның Сұйылтылған мұнай газын көтерме өткізу бойынша секция мүшелігіне кіру үшін үміткер, Шарттардың осы бабының 5.1.-тармағында көзделген құжаттарды және мәліметтерді ұсынудан басқа, Биржаға келесі құжаттарды растауға немесе ұсынуға тиіс:

1) сұйылтылған мұнай газы өндірушілерін аккредиттеу жағдайында:

- ҚР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газын тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті көлемі бар СМГ зауыты мәртебесінің болуын растау;

2) сұйылтылған мұнай газы меншік иелерін аккредиттеу жағдайында:

- ҚР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газын тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті көлемі бар мұнайды өңдеуге беруші мәртебесінің болуын растау.

Бұл ретте көрсетілген тұлғалар оларды Биржада аккредиттеуден кейін тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей Биржаға ҚР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газын тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті көлемінің болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді (онымен мұнайды өңдеуге беруші ҚР ішкі нарығына газды өткізу кезеңдері көрсетілген тиісті шартты жасасқан, ҚР ішкі нарығына сұйылтылған мұнай газын тауар биржалары арқылы өткізу үшін міндетті көлемі бар СМГ зауытынан хат).

3) өнеркәсіптік тұтынушыларды, газтолтырғыш станцияларының, газтолтырғыш пункттердің және (немесе) автогаз құю станцияларының иелерін аккредиттеу жағдайында:

- газтолтырғыш станцияларға, газтолтырғыш пункттерге немесе автоқұю станцияларын иелену құрығын растайтын құжаттардың көшірмелерін, үшінші тараптың мүлкін (газтолтырғыш станциялар, газтолтырғыш пункттер немесе автоқұю станциялары), пайдалану (жалгерлік) жағдайында тиісті жалгерлік шартының нотариаттық түрде куәландырылған көшірмесін ұсыну;

- оларды теміржол цистерналарынан толтыру мүмкіндігі бар, жалпы көлемі кемінде 60 шаршы метр сұйылтылған мұнай газын сақтау бойынша сыйымдылықтарды меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иелену құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін, немесе үшінші тараптың мүлкін (айына көлемі кемінде 60 шаршы метр сұйылтылған мұнай газын сақтау және ауыстырып тиеу бойынша қуаттылығын) пайдалану жағдайында, тиісті өңірде, өңірлер тобында газтолтырғыш станциясының иесімен тиісті жалгерлік шартының нотариаттық түрде куәландырылған көшірмесін және аталған жалгерлік шартын уәкілетті мемлекеттік органдарда тіркеу туралы растаманы ұсыну;

- жалгерлік шарты болған жағдайда, аталған мүліктің биржалық сауда-саттықтарға қатысушының биржалық сауда-саттықтарға қатысуы кезінде одан (жалға алушыдан) басқа, үшінші тұлғалардың жалгерлігінде немесе қосалқы жалгерлігінде болмағанын немесе болмайтынын жөнінде міндеттеме хат қосымша түрде ұсынылады.

Өнеркәсіптік тұтынушылар, газтолтырғыш пункттердің немесе автогаз құю станцияларының иелері сұйылтылған мұнай газын тек қана автомобиль көлігімен жеткізуді көздейтін сауда құралдары бойынша биржалық сауда-саттықтарға қатысуға ниеттенген жағдайда, оларға аталған талаптар таралмайды.

Үміткерді аккредиттеу мерзімі жоғарыда көрсетілген жалгерлік шарттарымен шектелуі және тиісінше, олар қайта жасасқан және растаушы құжаттар ұсынылған соң ұзартылуы мүмкін.

5.3. Биржаның Мұнай өнімдері саудасы секциясының мүшелігіне кіру үшін, Шарттың осы бабының 5.1.-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынудан басқа, Биржаға келесі құжаттарды растауға немесе ұсынуға тиіс:

5.3.1. Бензиннің немесе дизельдік отынның сауда-саттықтарына рұқсат ету үшін:

1) мұнай өнімдерін өндірушісін аккредиттеу жағдайында:

ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген және/немесе оған дербес сәйкестендіру нөмірі – код берілген мұнай өнімдері зауыты мәртебесінің болуын растау;
2) мұнай жеткізушілерін аккредиттеу жағдайында:
ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген мұнайды өңдеуге беруші мәртебесінің болуын растау.
3) мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілерін аккредиттеу жағдайында:
мұнай өнімдерін көтерме жеткізушілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мұнай өнімдерін көтерме жеткізушісі мәртебесінің болуын растау;
4) мұнай өнімдерін бөлшек өткізушілерді аккредиттеу жағдайында:
олардың мұнай өнімдерін мұнай өнімдері базаларының резервуарларынан және (немесе) автоқұю станцияларынан өткізуді жүзеге асыру өкілеттіктерін растайтын құжаттардың нотариаттық түрде куәландырылған көшірмелерін ұсыну.
5.3.2. Реактивті қозғалтқыштарға арналған отынның сауда-саттықтарына рұқсат ету үшін:
1) мұнай өнімдері өндірушілерін аккредиттеу жағдайында:
ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген және/немесе оған дербес сәйкестендіру нөмірі – код берілген мұнайды өңдеуге беруші мәртебесінің болуын растау;
3) авиациялық компанияларды аккредиттеу жағдайында:
«Қазақстан Авиациялық Әкімшілігі» АҚ-мен берілген эксплуатант сертификатының және сақтау қуаттылығы кемінде 60 тонна резервуарлардың меншік құқығын немесе үшінші тұлғалардан жалгерлігін растайтын құжаттардың болуын растау;
4) авиациялық отынды бөлшек өткізушілерді аккредиттеу жағдайында:
әуе кемелеріне жанармай құю үшін авиациялық отынды бөлшек өткізу саласында тәжірибенің болуын растау.
5.3.3. Битумның сауда-саттықтарына рұқсат ету үшін:
1) битум өндірушілерін аккредиттеу жағдайында:
ҚР ішкі нарығына мұнай өнімдерін жеткізу жоспарына енгізілген; зауыт мәртебесінің болуын растау
2) битум жеткізушісін аккредиттеу жағдайында:
оның ҚР ішкі нарыққа Мұнай өнімдерін жеткізу жоспарын енгізуді растайтын құжаттар;
3) жол-құрылыс компанияны аккредиттеу жағдайында:
автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы лицензияның көшірмесін, сондай-ақ автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылған жол битумы сатып алушыларының тізбесіне енгізудің растамасын ұсыну;
автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында кемінде бір жыл қызмет тәжірибесін растайтын құжаттар;
4) битумды көтерме сатып алушыларды аккредиттеу жағдайында:
битумды көтерме сатып алу және кейінгі көтерме өткізу бойынша кемінде бір жыл қызмет тәжірибесін растайтын құжаттар; битумды сақтауға арналған тиісті инфрақұрылымның болуын растайтын құжаттар; сондай-ақ автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстында орналастырылған жол битумы сатып алушыларының тізбесіне енгізудің растамасы.
5.4. Басқа Биржа Секциясының (ларының) мүшесі болып табылатын үміткер Биржа Секциясы мүшелігіне кірген жағдайда, Биржаға осы баптың 5.1.-тармағында көрсетілген құжаттарды қайта ұсыну талап етілмейді.

5.5. Шарттармен олардың жарғылық, меншікті капиталының мөлшеріне Биржаның талаптарын үміткерлермен орындамау бойынша жол берілетін жағдайларда, соңғылары Биржаға оның талаптарына сәйкес осы Шарттармен көзделген, оларды капиталдандыру бойынша көрсетілген талаптарды орындаудан босату негіздерін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

## 6-бап. Биржа мүшелеріне қабылдау туралы шешім қабылдау тәртібі

6.1. Биржаның Биржа мүшелерімен олардың биржалық сауда-саттықтарға қатысуы бойынша өзара әрекеттесу үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі үміткерді Биржа Секциясына мүшелікке қабылдау туралы мәселені Биржа мүшелерін аккредиттеу бойынша Биржаның уәкілетті органының (бұдан әрі – Биржаның уәкілетті органы) қарауына шығарады.
6.2. Жаңа мүшені аккредиттеу туралы шешімді Биржа өтінішті және осы Шарттардың 5-бабында көрсетілген құжаттарды қабылдаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.
6.2. Үміткерді Биржа Секциясының мүшелігіне қабылдау туралы шешім Биржаның Уәкілетті органының шешімі қабылданған күннен бастап күшіне енеді.
6.3. Үміткерге қабылданған шешім туралы аккредиттеу туралы шешім шығарылған соң немесе тауар биржасымен аккредиттеуден бас тартылған соң бір жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады.
6.4. Шешім келесі жағдайларда табысталған болып саналады:
1) жеке өзіне – алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
2) поштамен – тапсырыс хатпен;
3) электронды тәсілмен – Биржамен хатта көрсетілген электрондық мекенжайға жіберілген күннен бастап.
6.4. Биржаның Уәкілетті органының үміткерді Биржа Секциясына мүшелікке қабылдау туралы шешім күшіне енген күні, соңғысымен Биржамен белгіленген нысан бойынша биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету туралы мерзімсіз шарт жасалады.

## 7-бап. Үміткерді Биржа Секциясы мүшелеріне (Биржада аккредиттеуге) қабылдаудан бас тарту жағдайлары

7.1. Биржа Секциясы мүшелігіне қабылдаудан (Биржада аккредиттеуден) келесі жағдайларда бас тартылады:
1) үміткердің осы Шарттарда белгіленген талаптарға сәйкессіздігі;
2) осы Шарттарда көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынбау, толық көлемде ұсынбау және (немесе) сенімсіз ақпаратты қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;
3) үміткерге қатысты соттың заңды күшіне енген қызметке немесе қызметтің жеке түрлеріне тыйым салу туралы шешімі бар;
4) үміткерді, оның бенефициарлық меншік иелерін және (немесе) оның бірінші басшысын Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген тәртіппен, Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізу;
5) үміткерге, оның бенефициарлық меншік иелеріне және (немесе) оның бірінші басшысына қатысты оның негізінде үміткер және (немесе) оның бірінші басшысы тауар биржасында

аккредиттеуді алумен байланысты арнайы құқықтан айырылған, соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) бар.
Үміткерді осы тармақта көрсетілмеген негіздер бойынша аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді қабылдауға жол берілмейді.

## 8-бап. Биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

8.1. Биржа мүшелері:
1) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Сауда-саттықтарды жүзеге асыру үшін Биржаға тиесілі техникалық құралдар мен жүйелерді пайдалануға;
2) Биржаның өз мақсаттары мен міндеттерін орындаумен байланысты сұрау салулармен Биржаға жүгінуге;
3) Биржаның ішкі құжаттарымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгілернген тәртіппен және талаптармен Биржамен өз мүшелеріне ұсынылатын қызметтерді пайдалануға;
4) Биржаның бір немесе бірнеше Секциясы мүшелігінің құрамынан шығуға;
5) Биржаның ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.
8.2. Биржа мүшелері:
1) ҚР заңнамасының талаптарын, Биржаның ішкі құжаттарының ережелерін сақтауға;
2) Биржаның басқа мүшелеріне қатысты, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қатысты Биржамен қабылданған кәсіби қызмет және кәсіби этика қағидаттарын, қағидаларын және стандарттарын, сонымен қатар оның мүшесімен Биржадан алынатын сауда-саттықтарды ұйымдастыру бойынша қызметтердің көлемін есепке ала отырып Биржамен сауда-саттықтар ұйымдастырушысы функцияларын орындауды қамтамасыз ететін барлық операциялық рәсімдерді сақтауға;
3) өзінің лауазымды тұлғаларының және персоналының кәсіби даярлығын қамтамасыз етуге, олардың біліктілігін арттыруына себептесуге;
4) Биржада жасасқан мәмілелерден туындаған міндеттемелерді, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптары және Биржаның ішкі құжаттарына негізделген өзге де міндеттемелерді тиісті түрде орындауға;
5) құрамы заңнамада және Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты уақтылы ұсынуға;
